



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

А. БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ Өңірлік Университеті

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ  
БЕРУДІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІ –  
ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТАРДЫҢ  
ТАБЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

I КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ

«НЕПРЕРЫВНОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО  
ОБРАЗОВАНИЯ – ЗАЛОГ УСПЕШНОСТИ  
СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГОВ»

I КНИГА

Қостанай, 2022

## ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

**Ахмет Гүлнұр Төлендіқызы,  
Сейтмаганбетова Шолпан Жугеревна,  
Нуржанова Сандигул Түйебаевна,**  
қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімдері  
Н.Наушабаев атындағы мектеп – гимназиясы,  
Қостанай ауданы, Тобыл қ.

### Аннотация

Өзектілігі және мақсаты. Ы.Алтынсариннің мұрасын зерделеп, тәжірибе алмасу. Ғасырлар бойы сұрыпталған биік ізеттілік пен ұлттық құндылықтар үздіксіз білім беру процесінде Ыбырай әлемімен ұштастыруға мүмкіндік береді. Бүгінгі таңдағы біздің қолданып келе жатқан жаңа технологиялық әдіс-тәсілдеріміз, білім берудегі демократиялық, ынтымақтастық идеямыз, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты ізгілендіру жүйеміздегі жаңашылдықты данышпан Ыбырай өз заманында-ақ қалыптастырған. Оның идеяларын педагогикалық білім берудің қазіргі жүйесінде іске асыру.

**Түйін сөздер:** үздіксіз білім беру, жаңа мазмұн, жаңашылдық, бағыт-бағдар.

### Аннотация

Актуальность и цель. Изучение наследия И.Алтынсарина, обмен опытом. Сформированные на протяжении веков высшая добродетель и национальные ценности дают возможность соединиться с наследием Ибрая в процессе непрерывного образования. Новые технологии, методы и приемы, идеи демократизации, сотрудничества, гуманные отношения между учителем и учеником, которые мы применяем в своей практике заложено гением Ибраем уже в свое время. Наша цель реализация его идей в современной системе педагогического образования.

**Ключевые слова:** непрерывное образование, новое содержание, инновации, ориентация.

### Annotation

Relevance and goal. Studying the legacy of Y.Altynsarin and exchanging experiences. High dignity and national values, selected over the centuries, allow to combine the world of Y.Altynsarin in the process of continuous education. The genius Ibrai formed in his time the innovations in the system of humanization of the teacher-student relationship, the new technological methods we use today, the idea of democracy, cooperation in education. Implementation of his ideas in the modern system of pedagogical education.

**Keywords:** continuing education, new content, innovation, orientation.

*«Қазақ мектептері - қазақтарға білім берудің басты құралы ... біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осы мектептерде. Сондықтан мектептерде жақсы білім беретін болсын ... Ғылыммен қаруланған, әр нәрсеге дұрыс көзқарасы бар адамдар қазақ арасында көбейіп, бүкіл халыққа әсер ете алады».*  
*Ы.Алтынсарин*

Бүгінде ғылым мен білімге қояр талап артып, білім беру жүйесі күрделенген заманда қоғамдағы мұғалімдер алдына жүктелер міндет еселене түсуде. Ұстаздардың алдында жай ғана білім беру емес, өркениет көшіне жол бастайтын, ұлттық рухты бойына сіңірген саналы да білімді ұрпақты тәрбиелеу міндеті тұр. Бұл жолда мұғалімнің кәсіби шеберлігін дамыту, біліктілігін арттыру сынды мәселелер мектеп пен қоғам алдында тұрған жауапты іс болмақ. Мұғалімнің кәсіби даму шеберлігі алған дипломнан кейін әрі қарай тоқтап қалмауы тиіс. Себебі, қазіргі жаңалығы мен өзгерістері қарыштап дамыған заманда мұғалім жаһандану көшінен қалып қоймай, заман ағымына ілесіп отыруы керек. Тәуелсіз ел тірегі білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған негізгі мәселенің бірі - білім беру, ғылымды дамыту екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Ұстаз қолында адам тағдыры, болашақ ел тағдыры тұр. «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі» - деп Ыбырай Алтынсарин айтқандай, қазіргі оқу орындары алдындағы міндеттерді шешуде мұғалімнің кәсіптік мәдениеті басты шарт екендігі аян. Білім берудің ұлттық моделіне көшкен қазіргі мектепте, ойшыл, зерттеуші, жаттандылықтан аулақ практикалық қызметте педагогикалық үйлестіруді шебер меңгерген, психолог-педагогтік диагностика қоя білетін іскер, шығармашыл ұстаз керек. Ұстаздың өз бетінше білім жетілдіруі, осы саладағы үздіксіз ізденісі, озат тәжірибені қолдануы, оны өзгелерге насихаттауы, жаңашылдық танытуы, іскерлік негіздері - педагогикалық біліктілікке жеткізудің бір жолы болып саналады.

Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға

құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. Еліміздің әлемдік білім кеңістігіне еруге талпынысы, білім беру парадигмасының өзгеріп, жаңа ұлттық модельдің қалыптасуы болашақтың жаңаша ойлайтын, дүниеге көзқарас мәдениеті мен санасы дамыған ұрпағын оқытып, тәрбиелейтін кәсіби құзіреттілігі жоғары мұғалімді талап етіп отыр. Нәтижеге бағдарланған білім беру сапасын арттыруда жаңаша жолдар мен әдістер табуға дағдыланған «Жаңа формация маманы болу – білім беру саласының өзекті мәселелерінің бірі. Білім беруді түрлендіруде, білім процесін реформалауда зерттеуші мұғалім мен көшбасшы мұғалім жаңа формация мұғалімі болып табылады. Бүгінгі күнде экономикалық өсу және азаматтардың әл-ауқаты үшін білімнің айтарлықтай маңызды екенін бүкіл әлем мойындауда.

Оқу-тәрбие үрдісін ұйымшылдықпен жүргізуде – мұғалім басты тұлға. Осындай талапқа сай қызмет істеу үшін алдымен мұғалім өзінің теориялық және әдістемелік білімін ұдайы толықтырып, үздіксіз ізденуі, өз мамандығын барынша жетілдіру және қызметі саласындағы жаңалықтар мен озық тәжірибені үнемі пайдалануы тиіс. Сонда ғана мұғалім қызметі бүгінгі күннің талабына сай болады.

Үздіксіз іздену – бүгінде мұғалімдерге қойылып отырған басты талаптардың бірі-әдістеме саласындағы ғылыми жаңалықтар мен озық тәжірибені жетік игеру. Оларды өзінің күнделікті қызметінде пайдалана білу, осы орайдағы мұғалімнің шығармашылық еңбегі, ең алдымен сабақпен байланысты [1, 136].

Демек, сапалы, тиімді әрі нәтижелі жүргізген әрбір сабақ – ұстаздың тынымсыз еңбегінің айғағы. Қазақ тілі мен әдебиетін пәнін оқыту үрдісінің негізгі мақсаты арнайы педагогикалық әдістерді жүйелі түрде пайдаланып, оқушылардың интеллектілік, шығармашылық ойлауын, ғылыми көзқарасы мен белсенділігін қалыптастыру, өз бетімен білім алу дағдыларын дамыту, функционалдық сауаттылығын дамыту болып табылады. Оқушылардың өз бетімен жұмысын қалыптастыру оқушының пәнге деген қызығуы мен қажеттілігінен туады. Дегенмен, білім беру жүйесінде әлі де қалыптасқан ескі дәстүр жалғасып келеді. Ал ол жүйенің өте тиімсіз екені мұғалімдердің көпшілігінің білім-білігінің төмендігімен қатар, пәндік және логикалық білімінің өте таяздығынан анық көрінуде. Сондықтан заман талабы білім беру саласында жаңа өзгерістерді қажет етіп отыр.

Білімнің жаңа мазмұнын жүзеге асыру үшін жаңа технологиялар қажет-ақ. Жаңалықты меңгеру мен жүзеге асыруда дұрыс түсінбеушілік ұйымдастырушыға әр түрлі кедергі жасайтыны белгілі. Жаңартылған білім мазмұнын жүзеге асырып, жаңалықтың жаршысы болып жүрген ұстаздар да жеткілікті. Әйтсе де жаңалықты бірден игеріп кету де оңайға соғып отырған жоқ.

Сындарлы оқыту бағдарламасы – әлемнің бірқатар озық елдерінде сыннан өткен бағдарлама. Бүгінгі күнде Қазақстанның барлық мектептері осы бағдарламаның теориясымен танысып, түрлі әдіс-тәсілдерін сабақта қолданып жүр. Оқушы мен мұғалім, оқушы мен оқушы арасында диалог орнатып, ЖАДА қалыптастыру, оқушыларды жас ерекшеліктеріне сай оқыту бағдарламаның негізгі идеялары қолданылып жүр. Бағалаудың жаңаша әдістерін оқып үйренген мұғалімдеріміз күнделікті сабақта бағалаудың сан түрлі әдістерін қолданып жүр. Оқушылардың өздері де бірін-бірі бағалау, өзіндік бағалау, өзара бағалауға қалыптасып келеді [2, 456].

Бұл бағдарлама жаңа буын оқулықтарының талаптарын жүзеге асыруда оқушылардың білім деңгейін көтеруде, балаларды шығармашылыққа баулуда, ойларын еркін айтуда тез арада дұрыс шешімдер табуға атсалысатын бірден-бір тиімді бағдарлама деп есептеймін.

Сындарлы оқыту теориясының модульдерін үйрету және үйрену үшін уақыт пен тынымсыз еңбек керек. Оқушыларға топтық, жұптық, жеке жұмыстар барысында сыни ойлай білуге, ойын ашық әрі еркін айтуда көп мүмкіндік беріледі. Әр түрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау, үйрену барысында оқушылардың белсенді іс-әрекетін әрдайым қолдап отыру да маңызды. Кейбір оқушылар түсіп қалған қолайсыз жағдайларды әжуаға айналдырмау, оқушылардың бір-бірінің жауабына жасаған сынының дәлелді, дәйекті болуын талап ету-бағдарламаның басты талаптарының бірі болып саналады.

Қазақстанда үздіксіз білім беру жүйесінің бірнеше принципі бар. Олардың ішінде барлық категориядағы ел азаматтарына олардың жасына, жынысына қарамастан білім алудың барынша қолжетімді болуы, әр түрлі деңгейдегі білім беру салаларының бір-бірімен жалғасқан түрде әзірленуі, азаматтардың қажеттіліктеріне сай қашықтықтан білім алу, онлайн дәрістер т.б. қамтамасыз ету, білім беру мекемелеріндегі оқу бағдарламаларының заманауи еңбек нарығының сұранысына, әлемдік стандарттарға сай келуі сияқты басымдықтар бар.

Қазіргі таңда интернет-коммуникация құралдарының өркендеуімен түрлі білім беру платформалары да пайда болуда. Қазірдің өзінде дәстүрлі емес, яғни қашықтықтан өзі тұратын мемлекетіне қарамастан интернет арқылы түрлі оқу орындарында, онлайн мектептерде қосымша білім алып, арнайы дипломға қол жеткізетін мүмкіндік берілген. Бұл қазақстандық білім беру жүйесіне өз ықпалын тигізбей қоймайды. Тіпті қазіргі коронавирус пандемиясы кезінде адамдардың үйде жұмыс істеуі, бос уақыттың пайда болуы сияқты факторлар әлемдік деңгейде қашықтықтан білім алу, әр түрлі дағдыларға машықтану сынды тәсілдердің дамытуда. Отандық білім беру жүйесі де осы көштен қалыспай өз қызметін заман талабына сай бейімдеуге күш салып келеді [3, 526].

Бүгінгі тұлғаның білімді болуы оның білімге, ғылымға деген ізденісінің нәтижесінде туындайтын болса, сол нәтижеге жол сілтеу-бүгінгі педагогтың міндеті.

Алтынсарин идеяларын насихаттап, жаңаша көзқараспен жұмыс жасап жатырмыз. Ұлы педагогтың патриотизмді этноөңірлік бірегейлік, этномәдени бірегейлік, биологиялық құбылыс, рухани құбылыс, антропологиялық құбылыс деп бөлуі тағылымды тәрбие көзіне жетелейді. Педагогтар өз идеяларымен бірлесе жұмыс жасауда, белсенділіктің, ынтымақтастықтың, қалыптасатыны, бірлескен еңбектің өнімі, беретін нәтижесінің мол екендігі көрініс тапты. Өз елінің патриоты болу білім ошақтарында яғни мектептерден бастау алатыны сөзсіз. Қоғам дамыған сайын, кемелдену мен қатар сұраныстың да артатыны анық. Жасыратыны жоқ мектептегі педагогикалық ұжым да, білім алушылар үшін де көш озық болу, сандық технологиялар арқылы жаңа сапаға, жаңаша санаға ілгерілеуіміз қажет екенін көрсетіп отыр. Бұған бізді бүгінде әлемдік тәжірибе дәлелді дәйегімен көз жеткізіп отыр. Озық дәстүрлерді, адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігін алға қойып отыр. Бұл дегеніміз – ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды. Рухани байлықтың кемел болғаны бұл адамзат үшін, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс.

Ғасырлар бойы сұрыпталған биік ізеттілік пен ұлттық құндылықтар үздіксіз білім беру процесінде Ыбырай әлемінсіз іске асыруымыз мүмкін бе? Әлемде өзгермейтін бір құдырет- ол өзіндік болмыс. Сол болмыс ана құрсағында жатқан сәттен басталып, шыр етіп дүние есіген ашқан сәтте ана сүтінен нәр алып, әке тәлімімен өркендеп, қасиетті білім шаңғырағынан толығып, қадірлі ұстаз тәрбиесімен көгеретіні сөзсіз-ақ. Демек, сол болмыс сенің ертеңгі күнгі жарқын болашағыңның іргетасы болады десем қате айтпағандығым шығар. «Тәрбие тал бесіктен» деген халқымыз. Балаларымыздың өзіндік болмысын халқымыздың тарихы мен тағлымы, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы, ізгілік пен адамгершілік, қайырымдылық пен мейірімділік сынды құнды қасиеттерін Ыбырай тағлымы арқылы үнемі сусындатып отырсақ, болашақ ұрпақты тәрбиелеуде бүгінгі қоғамның алдына қойған міндеттері шешіліп, бала тәрбиесіне қосқан үлесіміз ұшан теңіз болар еді. Әр адам бір жұмбақ. Сол жұмбақтың ішінде сан мың арман жатыр. Оның кілтін тауып ашу, әрбір жүректің құпия сырын оқи білу ол тек біздің, яғни ұстаздың қолынан ғана келетін іс [4, 716]. Міне, осы жолда біз өзіміздің іс-тәжірибемізде Ыбырайдың педагогикалық идеяларының өнегелі жақтарын тәрбиелеу мен білім үрдісінде ізгілендіріп, оның мақсаты, мәні, міндеттері, қоғамда өмір сүруге қажетті әлеуметтік тәжірибені қоғамдық тұрғыдан меңгерте отырып, қабылданған құндылықтар жүйесін ұрпақ болашағының жарқын болуына жол ашуға бағыттаудамыз. Жас ұрпақтың бойына сүйіспеншілік, бірлік, төзімділік, татулық сынды құндылықтарды дарыту арқылы қоғамда өз орнын табуына, қабілет-дарынының ашыла түсуіне, ақыл-парасатын дамытуына үнемі алға жылжып, дамып, өсіп отыруына, өмір тоқтағанға дейін ізденісін тоқтатпауына, ой-пікірлерін, бастамаларын өзгелер қолдау үшін әркез шынайы бола білуге, өзге адал сеніммен карауға, жаңа мүмкіндіктерге жол ашуына, өз ісінен рахаттанатып, ғибраттанып, өз күшіне өзі сенуіне, өз мүмкіндіктерін толық ашпайынша тоқтамауына, өзгелерге бағыт беруге, жол нұсқауға өз-өзіне баға бере алатын парасатты азамат болып өсуіне Ыбырай мұрасын тәртіп қағидатының негізі ретінде ала отырып, жас жеткіншектерді тәрбиелеп келеміз. Ұлы ұстаздың да ұсынған әдістемесінің негізі осы емес пе. Себебі, қоғамның санасын Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық жүйесімен баяндап, эстетикалық таныммен тұжырымдап отырсақ әлеуметтік тұрғыдан өсіп-жетілуіміз, білімнің мазмұндылығы мен маңыздылығы, тұлғаның адамдық бейнесі, өмірге бейімделуі, тіршілікке қажетті дағдыларының қалыптасу жолы нәтижелі болмақ еді. Бүгінгі таңдағы біздің қолданып келе жатқан жаңа технологиялық әдіс-тәсілдеріміз, білім берудегі демократиялық, ынтымақтастық идеям, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты ізгілендіру жүйеміздегі жаңашылдықты данышпан Ыбырай өз заманында-ақ қалыптастырған. Еңбек-байлық атаулының негізі, бүкіл адамзат өмірінің бірінші алғы шарты екендігін растай отырып, адамның өзін жасаған еңбек- деп ғылыми түрде тұжырымдап көрсетіп, материалдық және рухани байлықтың бәрі адам еңбегінің құдыреті арқылы жүзеге асатындығын да өз еңбектерінде нақты дәлелдеп берген дара тұлға Ыбырай болатын. Ол кірпішін қалаған еңбек, тәртіп, тәрбие идеяларын қазіргі заман талабымен ұштастыра отырып, әр оқушыны жасампаз тұлға деп қарап, оның жалпы еңбекке деген ынтасын арттыру жолында бізде іс-әрекетімізді үздіксіз жұмыстар негізінде жасап келеміз. Бүгінгі білім беру үдерісінің топтық жұмыстағы әрбір қарым-қатынас, талқылау, талдау, шешім қабылдау ісіндегі белсенділік әрекеттеріміз еңбекке баулуға ынталанудың көрсеткіші болып табылуда. Біз үшін Ыбырай мұрасы еңбектің өнеге мектебі болып келеді. Имандылық пен мінез-құлқыға үйрететін, ел болып ер жетіп, тамырымыздың өркендеуіне, сабағымыз бен бұтағымыздың сынбай, саялы болуына жол нұсқайтын-ол тағыда Ыбырай идеясы. Болмыстағы мінез жүректегі ізеттілікке, мейірім мен таза ойға, білім мен ақылды ұштастыра білуге, адамшылық атаулының көрінісі екендігін дәлелдеп «Әке мен бала», «Білгеннің пайдасы», «Бай мен жарлы баласы» т.б әңгімелерін оқырманға ұсына білді. Демек, біздің күнделікті сабағымыздың барлық кезеңдері оқушының көңіл-күйіне, ой-толғауына, талғам-сезіміне, қам-қарекетіне тікелей қатысты және әсерлі екендігіндегі. Баланың айналасындағы адамдардың мінез-құлқының дұрыс, жағымды болуына айрықша мән мен маңыз береміз. Сабағымыздың табысты өту өлшемдері оқушылардың игерген білімі мен олар мойындаған «Бұдан әрі неге қол жеткізу керек?», «Қандай іс-әрекет жасау керек?», «Одан әрі не істеу керек?» деген сияқты сұрақтарға сыни оймен өз бетінше жауап іздеуге

бағытталады. Ол үшін біз алдымызда отырған әр баланың мінез-құлқымен санасып, орта одан үлгі алатындай мүмкіндіктер туындатып, өз тіршілігі мен іс-қимылына сын көзімен карауға, өз мінез-құлқына бақылау жасауға әрекеттендіріп, үнемі өсиет, өнеге айта отырып, ой саларлықтай салмақ тастаймыз. Біздің бұл әдісіміз тұлғаның өмірлік бет алысы, талғам-сенімі, мақсат-мұраты, бағыт-бағдары, көзқарасының жарқын көрініс табуына бағыт береді. Бала өзін-өзі бақылау жасау арқылы мінезіндегі мінін түзеуге, жағымсыз әрекет пен қылықтардан өзін тыйып ұстауға, сыртқы ортамен байланыс жасауын қамтамасыз етеді. Біз дәл қазіргі таңда әлемдік стандарттар деңгейіндегі сапалы білім беру қызметіне қол жеткізіп келеміз. Деңгейлеп –саралап, белсенді оқыту, проблемалық оқу, сын тұрғысынан ойлау – қайсысын алып қарасақ та дала жұлдызы Ыбырайдың педогогикалық идеяларынан өрбіген астарлы тамыр жатыр. Ұлы ұстаз оқушылардың теориялық білімін арттыру жолдарын машықтанумен ұштастыра жүргізуге үлкен мән берді. Оның әрбір әңгімесі жас өркендерімізді тәрбиелі, еңбекқор, өнегелі болуға үндейді. Сол кездегі жазған әңгімелері бүгінгі күні де маңызды болып отыр. Тәрбиелік идеясы қазіргі кезде де ауадай қажет. Оның мазмұнды да мағыналы әсем лирикалық өлеңдері, қысқа да әсерлі әңгімелері қазақ әдебиетінің тарихында өшпес орын алады. «Біз болмасақ, сіз барсыз, үміт еткен достарым!» – деп ол өз халқының келешек ұрпақтарына сеніп кеткен. Міне, сол ұрпақ Ыбырай арманының жүзеге асқанын бұл күнде көріп отырғандай. Ыбырай тағылымын өмірлік құндылық етіп тану тек қоғамның, халықтың, ғылымның ғана міндеті емес, оны оқып үйрену, оның озық ойларын бүгінгі білім беру жүйесімен сабақтастыру өзін мәдениетті, білімді санайтын әрбір азаматтың парызы. Өзін-өзі тәрбиелеудің, өсіп-өнудің, өркениетті тұлға болудың бір құралы деп қабылдау керек. Біз өз тәжірибемізде оның шығармаларындағы гуманизм мен патриотизмді алға қоя отырып, әр тұлғаға ұлы педогогтың қағидаларын ұстана отырып, оның шығармаларындағы гуманизм мен патриотизмді ұстана отырып білім мен тәрбие беруге тырысып келеміз.

Қорыта айтқанда, ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп. Үнді халқының тарихи тұлғасы Махатма Гандидің «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытыңда жаса» деген ілімін негізге ала отырып, оқушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, оқушыларды болашаққа жетелеп, жақсы істі бастағалы отырмыз.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Ы.Алтынсарин тағылымы. Алматы, 1991.
2. Ы.Алтынсарин. Қазақ әдебиеті: Алматы: Ғылым, 1979.-110-129 бет.
3. Ы.Алтынсарин. Елтұтқа.-Астана: Күлтегін, 2001.-226-228-б
4. Оқыту –тәрбиелеу технология жураны. 2011ж

ӨОЖ 657.45

### **БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ГЕОГРАФИЯ ПӘНІНЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ӨЛКЕТАНУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК МАҢЫЗЫ**

**Ахметова Дана Салкинбекқызы,**

география пәні мұғалімі

М.Әуезов атындағы ОҚУ

7М01560-География педагогтерін даярлау мамандығының

2-курс магистранты

Шымкент қ., Қазақстан

#### **Аннотация**

Өзектілігі және мақсаты. Мақалада автор мектептегі өлкетану пәні білім беру мен тәрбиелеуді өмірмен байланыстыратын маңызды құрал екенін көрсетіп отыр. Өлкетану жұмыстар оқушыларды тәрбиелеудегі ерекшеліктері сипатталған.

**Кілт сөздер:** Рухани жаңғыру, топонимика, экспедиция

#### **Аннотация**

Актуальность и цель. В статье автор указывает, что краеведческий предмет в школе является важным инструментом связи обучения и воспитания с жизнью. Краеведческие произведения описывают особенности воспитания школьников.

**Ключевые слова:** Духовное возрождение, топонимия, экспедиция.